

ӘОЖ81'373.233

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТІСІ

Мұхтарова Фариза Сейдахметқызы

farizamm97@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ.Сарекенова

Ғылымда фразеологизмге берілген анықтамалар көп. Оның мән-мағынасын ашу, мағыналық топтарға бөлу, тіл білімінің жаңа салаларымен, соның ішінде этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, ареалды лингвистика, когнитивтік лингвистика, гендерлік лингвистикамен байланыста қарастыру қазіргі таңда терең зерттелініп жатыр. Себебі антропоэлектік бағыт негізінде адамды негізгі нысан ете отырып, оны «тіл-адам-қоғам» қатынасында қарау маңызды.

Жалпы гендер ұғымының ауқымы өте кең. Г.Шоқымның пікірінше жыныс – адамның биофизиологиялық айырмашылықты бітімін білдірсе, гендер – әйел мен ердің қоғам туғызған әлеуметтік бейнесі деген анықтама береді [1,6].

Тіл мен гендер арасындағы байланыстан бірнеше бағыттар қалыптасады. Олар әлеуметтік-лингвистикалық, психолінгвистикалық, идентификациялық, лингвомәдениеттанымдық, тілдегі феминистік сын, маскулиндік зерттеулер бағыттарын атауға болады [2,138-139].

Фразеологизмдердің гендерлік сипатын қарастыру барысында олардың ұлттық-мәдени астарын, рухани мәдениетінің қайнар көздерін ашу маңызды. Себебі гендер ұғымы сонау мифологиядан, ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алады. Қай қоғамда, қай уақытта болмасын әйел адам мен ер адамның қоғамдағы позициясы, орны мен рөлі ауысып отырған. Бірақ қазақ, түрік әлемінде әйелдің рөлі ерекше.

Тілімде «От-Ана, Май-Ана, жарылқа!» секілді тіркестен әйел бейнесін, яғни «Ұмай-ана», «От-ана», «Жер-ана» секілді мифтік тұлғаларды танимыз.

От – ежелден келе жатқан мифологиялық ұғым.Халқымыз отты киелі санаған, отқа табынған және оның бойында үлкен күш барына сенген.

Тілімізде отқа байланысты тіркестер әйел адамға байланысы бар. Себебі әйелдің орны – ошақ маңы. Сондықтан осыған байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер біршама: от аттайын, от соққан, отқа құяр, отқа қарай, оты өшті, түтінін түтету, т.б. [3,66].

Соның біріне тоқталсақ. Отқа (май) құяр (салар), отқа май құю. Бұл негізінде бұрыннан келе жатқан салт-дәстүр. Жаңа түскен келін ең алғаш босағаны оң аяғымен аттап кіргеннен кейін отқа май құю рәсімі жасалады. Әйел адам отбасының тірегі, үйдің ұйытқысы болғандықтан жаманшылық көрмесін, абыройлы болсын, тастай батып, судай сіңсін деген сеніммен жасалатын дәстүр.

Осыған байланысты біздің салт-дәстүрлерімізде шаманизмнің негізі бар екенін байқаймыз. Және бұл құбылыс тілімізде айқын көрінеді. Мысалы отқа табынды, от басы, ошақ қасы т.б. фразеологизмдер.

Жаңа түскен келін мен күйеудің босағаны бірінші аттағанда берер ырым-сыбаға, жол-жорасы. (Келіннің қайын атасының үйіне бірінші рет келгенде жасайтын ырымын «отқа май құю», «отқа салар» дейді. Жырынды жігіт еді қуқыл Оспан, Жүйрік тіл, өткір сөздің алдын тосқан. Өңгертіп отқа құяр берді Оспанға, Сол болды күйеу қосшы оған қосқан (С. Керімбеков) [4,422].

Ғалым Б. Хасанұлы гендерлік бағытты қалыптастырудың жолдарын көрсетті:

- 1) Салыстырмалы және салғастырмалы гендерлік лингвистика.
- 2) Гендерлік паралингвистика.
- 3) Гендерлік лексикография.
- 4) Гендер мен тіл игеру [5,281].

Біз гендерлік лексикографиялық бағыт бойынша екі тілдегі фразеологизмдерді салыстырып қарастырамыз.

Фразеологизмдерің гендерлік аспектісін қарастырғанда әйел адам мен ер адамның жас ерекшелігіне қарай тілдік топтарға бөлу маңызды. Себебі әр кезеңде қолданылатын фразеологизмдер олардың бейнесін жасауда қолданылса, ендігі бірде салт-дәстүрге, күделікті тұрмыс-тіршілікке байланысты қолданылған.

Ж.И. Исаева өзінің ғылыми еңбегінде «әйел-еркек» қатынасына тоқталады. «Әке» - «шеше», «ата»- «ана», «қыз»-жігіт», «қалыңдық»-«күйеу жігіт», «келін» - «күйеу», «қатын»-«бай» секілді әлеуметтік рөлдердің өзара байланысында көрсетеді [6,71]. Мысалы ер адамды сәби, бала, ұл, бозбала, жігіт, жастық, ер, еркек, мырза, әке, ата, қарт, шал, үлкен десек, әйел адамды қыз, сұлу, әйел, жар, келіншек, келін, ғашық, бикеш, бойжеткен, қалыңдық, сәуле, әйел, қатын, жәңге, ана, әже, ене, шеше, кемпір деп өз жас ерекшелігіне қарай атаймыз.

Кесте – 1. Ер адам мен әйел адамға қатысты фразеологизмдер.

Әйел адамға қатысты	Ер адамға қатысты
Кіндік шеше (жаңа туған жас нәрестенің кіндігін кескен әйел) [4,296].	Еркек кіндікті (ұл, ер адам).
Келіншек түсті (ұзатылған қыздың күйеуінің үйіне келуі) [4,246].	Ата сақал аузына біткен (ер жетіп егде тартқан ер адам) [4,57].
Ана көрген (үлгілі, өнегелі әйел бала) [4,40].	Жігіт ағасы болды (есейді, кісі болып қалды) [4,224].
Өгей ана (баланың туған шешесі емес) [4,425].	Өгей ата (баланың туған атасы емес) [4,225].
Ару шешей (ардақты, қымбатты, сұлу шешей) [4,51].	От ағасы (шаңырақ иесі, жасы үлкен ер адам) [4,421].
Еркек шора (ер балаша киінген қыз) [4,165].	Қыз теке (үнемі қыздармен жүретін ер бала) [4,370].

Фразеологизмдердің гендерлік аспектісін қарастырғанда әйел адамға байланысты фразеологизмдер көп.

Кавказ халқының әйелдеріне тән «Нашнауар» тіліне тоқталған ғалым Қ. Жұбанов қазақ әйелдерінің де тілдік ерекшеліктері жайлы гендерлік тұрғыдан: «Әйелдерге арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол ерекшеліктердің бірі әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шыпп еткізу» (таңданғанда), аузын быртылдату (кекеткенде). Мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айыпшынды емес»[7,104].

Қыз бала қай уақытта болмасын жат-жұрттық. Қыз балаға байланысты фразеологизмдер:

- қыз айттыру, яғни қызға құда түсу;
- қызға қырық үйден тию – қызды жөнсіз ешқайда шығармау;
- қыз танысу – қыздың ұзатыларда туған-туысқандарын төркіндеуі;
- қыз ұзатты – қызын күйеуге беруді секілді фразеологизмдер.

Түрік тілінде қыз балаға қатысты мынандай фразеологизмдер кездеседі:

- Kız almak «біреудің қызын келін қылып алу»;
- Kızım sana söylüyorum, gelinim sen dinle «қызым саған айтам, келінім сен тыңда деген қазақ мәтелімен мағыналас»;
- Kız kaçırmak «қызды өзінің қалауынсыз алысқа ұзату»;
- Kız vermek «қыз беру»;
- Kosaşa varmak «күйеуге бару»;
- Kosaşa vermek «күйеуге беру»[10,784].

Қыз бала сұлулықтың белгісі. Қыздың әдемі бейнесін жасауда мынандай фразеологизмдер қолданылады: айдайтаза, күндей нұрлы, ай десе аузы бар күн десе көзі бар, ай қабақ алтын кірпік, ай мен күндей, ақ білек, ақ дидар, ақ жаулық, ақ сұпыдай, ақ тамақ, ақша бет, ақша маңдай секілді фразеологизмдер кездеседі. Мысалы Асқар Алтайдың «Алтай Балладасы» атты еңбегінде қыз сұлулығына байланысты: Ұлар төргі бөлмеден шыға келгенде, қарсы алдында марқа қозыдай сүйкімді, түрінген ақ білекті жап-жас келіншек тұрды[7,83], Ақ жаулықты Алтай-Анаға медет етіп, мұны күтіп жүрген шығар[7,73], Ақша беті тигендей Ұлардың жүзі ду еткен [7,37] фразеологизмдер кездеседі.

Әйел адам мен адамдардың тілдік ерекшеліктері біршама. Әйел адамның қоғамдағы орнының ауысып отыруына байланысты оның тілдік ерекшеліктері де ауысып отырады. Алайда қай уақытта болмасын әйелдер ерлерге қарағанда эмоцияға берілгіш келеді.

Ер адам қазақ қоғамында батыр, батыл, отбасының қамқоршысы, ел ағасы. Тілімізде ер адамға байланысты фразеологизмдер баршылық. Мысалы еркек кіндік (табын емес, бірен-саран еркек кіндікті құлжасы ерткен саяқ топтар ғана оқта-текте ұшырасып қалады [4,83]), ердің басы екі елу, ердің ері, егеудің сынығы (көне.), ер егесі еңісте, есіл сабаз (ардақты асыл азамат) [4,169]) секілді фразеологизмдер кездеседі.

Қорыта келгенде, қазақ тілінің сөздік қорының молдығы, байлығы қазақтың ауыз әдебиетінен, көркем туындыларынан, біз нысан етіп отырған аңыздар, көркем шығарма тілінен көрінеді. Зерттеу жұмысын жазу барысында қазақ тілінің көркемдігін, айшықтылығын көрсететін тұрақты сөз тіркестері қазақ тілінен басқа туыстас түркі тілдерінің тілдік қорында, ауызша және жазба әдебиетінде ұшырасатынын байқадық. Әр ұлт тілінің сол ұлттың тарихынан, әдебиетінен, мәдениетінен, сол ұлттың тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен хабар беретіндігін ескерсек, тіл ғылымында фразеологизмдердің гендерлік аспектісін қарастыру қарастыру өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. Оқулық. Алматы: Экономика, 2012. – 190 бет.
2. Словарь гендерных терминов/ Под ред. А.А. Денисовой.М.: Информация – 21 век, 2002. – 256с.
3. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдік көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. –168 б.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.
5. Хасенұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері//Психолінгвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 1-том. – 98-107б.
6. Исаева Ж.И. Дүниенің паремиологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспекті): филол. ғыл.канд....дисс.автореф. – Алматы, 2007. –26 бет.Қондыбай С.
7. Профессор Қ.Жұбанов және лингвистикадағы жаңашылдық. (ұжымдық монография)/ Жауапты редактор: М. Джусупов. Орал, «Гүлім»баспасы, 2015. – 114 бет.
8. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы:Жазушы,1992. – 272б.
9. Асқар Алтай «Алтай балладасы»
10. Ömer Asım Aksoy.Deyimler in kapsamı ve siniri.